

«Тексерілді»
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
әдіскері: З. И. Әбиева *Handwritten signature*

Білім беру ұйымы: «Мерейлі» жекеменшік балабақша
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 30.09-04.10.2024 ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 30.09.2024ж	Сейсенбі 01.10.2024ж	Сәрсенбі 02.10.2024ж	Бейсенбі 03.10.2024ж	Жұма 04.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем күймен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Күй күмбірі	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Коммуникативтік дағды	Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Шығармашылық дағды	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Коммуникативтік дағды	Үш түрлі смайликпен қарсы алу, күй қосу Күй күмбірі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жұпты суреттер». Балаларға белгілі бір жемістің суреті бейнеленген картинаны тандап алып, содан соң оның екінші жұбын іздеп табу туралы ұсыныс жасалады. Экологиялық мәдениет	Жемістердің атауларын біледі: алма, алмұрт. Апельсин, банан, өрік. Қандай жемісті жақсы көресіңдер? Балалар ұнататын жемістерін көрсетеді, Экологиялық мәдениет	Асықты іліп алып, түстерді тап ойыны Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады Бір тұтас тәрбие	«Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туыскандары туралы әңгімелеп беру Бір тұтас тәрбие	Дид ойын: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу Коммуникативтік дағдылар
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран қосу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей.				

	Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтуға үйрету Сөйлеуді дамыту	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Қоршаған ортамен танысу	көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету Сенсорика	кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталау Көркем әдебиет	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, қуыршақты жатқызу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Қоршаған ортамен танысу
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту Тәрбиеші сөзін есту және тыңдау. Әр түрлі жануарлардың дыбыстарын естіртіп бұл дыбыстар қайдан шығып жатыр екен деп сұрау арқылы қораптан шығып жатқанын көрсету, әр жануардың дыбысына сәйкес шығарып көрсету, бірге қайталау. Түрлі дыбыстарды саралау. Музыка Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет «Үш аю» ертегісін үстел үсті театры арқылы айтып көрсетіп беру. Дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білулерін дамыту Сенсорика Екі пішін арқылы үй құрастыру. Ауызша нұсқамен үлгісін сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Дене шынықтыру Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында	Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Аюлардың қимылдары мен дауысын салу. «Аю», «аюлар» деген сөздерді дұрыс айтуды жетілдіру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету. Дене шынықтыру Бір қалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл	Көркем әдебиет, сенсорика Балалардың қалауы бойынша кітаптар қарау, қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ұйымдастыру. Дене шынықтыру Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен,	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Ойыншық жануарларды беру. Еркін ойындар ойнату. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға. «Үш аю» ертегісі бойынша кейіпкерлердің атауларын атауын қалыптастыру. Сенсорика Екі пішін арқылы үй құрастыру. Ауызша нұсқамен үлгіге сүйене отырып,

ырғакты, түрлі музыкалык аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; Көркем әдебиет Жануарлардың ойыншықтарын қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету. Мүсіндеу, сурет салу Аюды домалақтар арқылы жасау. Заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу, аюдың суретін бояу, Жапсыру, құрастыру Аюлардың ыдыстары, тәрелкелерді жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыру қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Үш аю бейнесін орналастыруды үйрету. Пазыл құрастыру	айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму Сурет салу Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше тандап жасайтын әрекеттерін дамыту. Мүсіндеу, жапсыру Аюды домалақтар арқылы жасау. Заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу, аюдың суретін қағаз бетіне жапсыру. Құрастыру Саз балшықты алақан арасына салып есу, жалпақтау арқылы жапырақ жасату.	топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу; Сенсорика Бірнеше пласмас шарды топқа алып келіп атын, түсінатату. Әр балаға таратып беріп еркін ойындар ұйымдастыру. көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды арнайы орындарына топтастыруды үйрету Сурет салу Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше тандап жасайтын әрекеттерін дамыту. Мүсіндеу Аюды домалақтар арқылы жасау. Заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу Құрастыру құрылыс материалдарынан және	жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. Сурет салу Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтерін (қуыршақ көйлегіндегі нүктелер тізілген шарлар) салу Мүсіндеу Мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру табакты мүсіндеуде пішіннің орта бөлігін саусақпен басып, тереңдетіп жасауды үйрету Жапсыру Аңдар бейнелерін қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен құрастырып жапсыруға үйрету	тапсырмаларды орындау; Құрастыру құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету; Мүсіндеу, сурет салу Аюды домалақтар арқылы жасау. Заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу, аюдың суретін бояу, Жапсыру Аюлардың ыдыстары, тәрелкелерді жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыру қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Үш аю бейнесін орналастыруды үйрету.
---	---	---	--	--

			ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету;		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.	Күзгі көріністі бақылау. Мақсаты: Ағаштарға, ағаш жапырақтарына назар аударту. Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.	Қимылдық ойын: «Жүгіріп өтуге үлгер». Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа, батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.	Еңбек: Ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету.	Күзгі жапырақтарды бақылау. Күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Сарғайған жапырақтарды жинау.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Өз еркімен іс әрекеттерді жасауын дамыту.	Шармен көңілді би ұйымдастыру, ән айту	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше таңдап жасайтын әрекеттерін дамыту.	Шармен көңілді би ұйымдастыру, ән айту	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуларына жағдай жасау. Балалардың өз бетінше таңдап жасайтын әрекеттерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен жануарларға қора құрастыруды үйрету.	дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білулерін дамыту.	дауысты және дауыссыз дыбыстарды еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрету.	қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар ойнату.	аяқтан аяққа тербелу қимылдарын үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	«Ойыншықтар театры»: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып	Шарға дейін созылып қол жеткізу, еңбектеп нысанаға дейін жылжуды дамыту.	«Доптар» қағазға салынған доптар бейнесін саусақпен бояу.	Мейірімге Қуыршақпен би қимылдарын жасап үйренуіне жағдай жасау. (Сөйлеуді дамыту)	Түскі серуенді жалғастыру. Балалардың жні ойнайтын ойыншықтарын алып, шығу негізінде еркін,

	табылады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				ойындарын ойнату
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (танымдық дағдылар) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен карандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі жолда жүрі ережелері.	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру

«Тексерілді»
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
әдіскері: З. И. Әбиева 

Білім беру ұйымы: «Мерейлі» жекеменшік балабақша
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 07.10- 11.10.2024

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.10.2024ж	Сейсенбі 08.10.2024ж	Сәрсенбі 09.10.2024ж	Бейсенбі 10.10.2024ж	Жұма 11.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің жандай әдемі т.б) Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі	Көңілді күн әнімен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, күй күмбірі
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарсарау және тағы басқа әрекеттер)	Қарапайым құрылыстарды (жол, мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (құрастыру)	Өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру. (сенсорика)	Қ/О Еркін ойындар Қазақ елі жайлы видеоролик көрсету, бір тұтас тәрбие Таклақтар қайталату, тілдік жаттығулар жасату	Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жақсы» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру (қоршаған ортамен таныстыру)	Қ/О «Жалауға қарай жүгір» Қарапайым құрылыстарды (жол, мұнара) атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау дағдысын дамыту (Құрастыру)
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран қосу				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемейу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету Құрастыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету Қоршаған ортамен таныстыру.	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту Сурет салу	Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, кияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру Қоршаған ортамен таныстыру.	түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түгін), парак бетінде бейнені орналастыру; Сурет салу
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту Құстардың дыбысын тыңдау. Бұл ненің дауысы? Құстарға жанашырлық білдіруді үйрету. Қысқы азығын жинауға көмектесу туралы әңгімелесу. Сенсорика Бірдей құстарды топтастырып ойнату. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі,	Сурет салу Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту Оларға құрастыру құралдарынан үйшік жасайық деп ауызша нұсқау бойынша құстарға ұя жасауды үйрету Құрастыру, сенсорика Ірі жұмсақ құрылыс материалдарынан өзіміз	Сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу Бір бірінің артына тұрып, құстар сияқты ұшып топ бөлмесін десеруен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Топтағы заттарды балаларға қолдануға беру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. зат	Сөйлеуді дамыту Терезеге қаратып, далада жел тұрып, жаңбыр жауып тұрғанын бақылату. Желдің дауысын уууу деп салуды. Саусақтарын алаканына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету. Дала суық болғандықтан құстар жаурайды деп қимылмен көрсетуді	Сөйлеуді дамыту Құстардың қима суреттерін құрастырып, қандай құс екенін атау. Не білетінін айтқызу. Дыбыстарын, қимылдарын салуын пысықтау. Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға үйрету Көркем әдебиет

	неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Дене шынықтыру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, 10-13 см биіктен секіру. Кедергілі, жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанғынастымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.	отыратын орындықтар құрастырып алайық деп құрастыру әдістерін үйрету	есімдерді, сынесімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Музыка ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып пересекпен қосылып ән айту	жетілдіру. Олардың үйлері жоқ, олар түнде қайда ұйықтайды деп балалардың пікірін тыңдау. Жаңбыр, жел, күз сөздерін сөздік қорына қосу. Сенсорика Оларға құрастыру құралдарынан үйшік жасайық деп ауызша нұсқау бойынша құстарға ұя жасауды үйрету Дене шынықтыру Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденен) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату	Кітаптардан құстардың суретін тамашалау. Құстарбар кітаптарды табуын жетілдіру. Дене шынықтыру Жиіктері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу;
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Күнді бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес,	Күнді бақылау: Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байкатады; (күндіз және кешкілікте) күннің	Көркем сөз: Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді	Ағаштарды бақылау Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен	Ағаштарды бақылау Көркем сөз: Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді

	жаздағыдай қатты қыздырмайды. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн)	шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.	Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен ізледі. Қ. Мырзалиев Қимылды ойын: «Қоныздар» Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.	таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»	Такнақ: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қозғалмалы ойын: «Өз жұбыңды тап» Максаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, дейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекпен және жұмсақ жалақаиалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				

Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (малени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Балалардың дербес әрекеті (биік қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көңілді музыканнашық берілген сипатына сай қимылдар жасау (музыка) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер. Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, сазбалшық және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.. Фланелеграф тактасына доптарды, шарларды жапсыру.	Дамытушы орталықтарда балалардың бастамасымен құрылыс материалдарынан заттар құрастыру ойындары. Парақ бетінде бейнені орналастыру әрекетін дамыту. Сазбалшық	Қағаз бетіне жанбыр тамшыларын салдырту. Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу (сурет салу)	«Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту (сенсорика) Қандай сурет сала алатынымызды көрсетейік. Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай
Балалармен жеке жұмыс	Балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау)	Саусақтарын алақанына ұрып, жанбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету..	балапанның дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау.	Саусақтарын алақанына ұрып, жанбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету.	құстары бар кітаптарды табуын жетілдіру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Құстарға тән ерекшеліктерді таныстыру, дене бөліктерін (тұмсығы, қанаты, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету (Қоршаған ортамен)	Ірі жұмсақ құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар құрастырып алайық деп құрастыру әдістерін үйрету (Құрастыру)	«Балабақша – үйіміз» атты тақпақты қайталау. Балабақша – үйіміз, Ағалардан сыйымыз. Серуендеп шығамыз, Таза ауаға жәні біз	Фланелеграфқа балапан мен қарлығаштарды топтастырып жапсыру. (жапсыру) Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары	Фланелеграфқа балапан мен қарлығаштарды топтастырып жапсыру. (жапсыру) Балалардың дербес

	таныстыру) Балалардың дербесәрекеті, еркін ойындары	Ағаштарды бақылау, жел тұрғанда олардың жапырақтарының қимылына назар аударту.	(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жапырақтарды теру, құмыраға салу дағдысын дамыту (сенсорика) Балалардың дербесәрекеті, еркін ойындары		әрекеті, еркін ойындары
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. (мадени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (танымдық дағдылар) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме

«Тексерілді»
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
әдіскері: З. И. Әбиева *З.И.Әбиева*

Білім беру ұйымы: «Мерейлі» жекеменшік балабақша
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.10- 18.10.2024

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.10.2024ж	Сейсенбі 15.10.2024ж	Сәрсенбі 16.10.2024ж	Бейсенбі 17.10.2024ж	Жұма 18.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен, күй құмбірімен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Шармен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтынын жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка тыңдау шаттану. Дид ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау Сөйлеуді дамыту	Фотосуреттер қарастыру «Менің досым» Міндеті сөздік қорын дамыту Коммуникативтік дағдылар.	Дидактикалық ойын: Дал сондай пішінді тап. Міндеті пішіндерді ажырата алу қабілеттерін дамыту Танымдық дағдылар	Саусақ ойыны сергіту бауырсақ, сөйлеу тілін дамыту, бір тұтас тәрбие	Үстел үсті ойыны – пазл: «досымның суреті» Міндеті өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру Құрастыру әрекеті
Танертенгі жаттығу	Қызыл айына арналған танертенгі жаттығулар кешені (құралмен) Жүру, жүгіру аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, шеңбер құру. Жалпы дамытушы жаттығулары: Б.ж. Аяқ алшақ иық деңгейінде, кол белде. Мойынға арналған жаттығу. (2-3 рет) 2. Б.ж. Аяқ иық деңгейінде, кол төменде, колда ленталар, ленталарды жоғары көтеру, жоғарыға қарау, ленталарды төмен түсіру, төменге қарау бастапқы қалыпқа келу. (2-3 рет) 3.Б.ж. Аяқ иық деңгейінде, кол төменде, колда ленталар, жанына созу, жоғары көтеру, ленталарды бұлғау, бастапқы қалыпқа келу. (2-3 рет) 4.Б.ж. Аяқ бірге, колда ленталар, иілу ленталарды жерге қою, тұру иілу ленталарды алу, бастапқы қалыпқа келу.				

	(2-3 рет) 5.Б.к. Аяқ бірге, қолда ленталар, қолды алға созу, отыру тұру, бастапқы қалыпқа келу. 6. Б.к. Аяқ бірге, қол белде, қолда ленталар, ленталарды жоғары көтеріп, бір орында секіру. (2-3 рет) 7.Б.к. Бір қатарға келу, жүру, жүгіру тыныс алу жаттығуларын жасау.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлесу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке Дайындық	Шаттық шеңбері : Кел балалар тұрайық Достық шеңберқұрайық Күн шуағын жинайық Достарға біз сыйлайық	"Бұл ненің жапырағы?" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Өсімдікті жапырағынан тануды үйрету, зейінін дамыту. Барысы: ағаштардың жапырақтарын балаларға көрсетеді. Балалар жапырақтың қай ағашқа тиесілі екенін анықтайды.	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Максат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру.	Шаттық шеңбері : Кел балалар тұрайық Достық шеңберқұрайық Күн шуағын жинайық Достарға біз сыйлайық	Күз жайлы тақпақ. Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді Жемістерін жинауға Шақырады біздерді
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту Қонаққа есік тоқылдап бауырсақ кейіпкерлерін кіргізу . Әр баланың қолын қалтасына салдыртып ойыншық алууды ұсынады Балалар алған ойыншықтарын атап қалай ойнайтынын көрсетеді. Музыка Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның	Сөйлеуді дамыту Қуыршақтардың отбасы мүшелерін көрсетіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атаудағдысын қалыптастыру. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуға үйрету Дене шынықтыру бірқалыпты жүгіру, шашыраң берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден	Көркем әдебиет Әтеш пен Тулкі ертегісі Үстел үсті театры арқылы «Әтеш пен Тулкі» ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоционалды қабылдауды үйрету орналастыру. Дене шынықтыру педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру,	Сөйлеуді дамыту Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге дағдыландыру.Топпен бірге Көркем әдебиет «Машина» «Машина» тақпағын айтуды үйрету Машинамын - көлікпін, Мамаңдарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіңдер тілімді. <i>Ә.Табылдиев</i> Сенсорика

	дыбысталуың, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру Сенсорика Ағаштардың бұтақтарынан түскен жапырақтарын жинап, шелекке салу Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Құрастыру құрастыру материалдарынан машиналардың жолдарын құрастыруды үйрету, әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету;	Сенсорика Ағаштардың бұтақтарынан түскен жапырақтарын жинап, шелекке салу Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Дене шынықтыру Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқа қалам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу) Құрастыру Құрастыру материалдарынан машиналардың жолдарын құрастыруды үйрету. әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды	жүгіруге және керісінше ауысу; Сенсорика Ағаштардың бұтақтарынан түскен жапырақтарын жинап, шелекке салу Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Құрастыру Ойыншықтарды қима карточкалардан құрастыру. Құрастырған ойыншығы туралы өз ойын айтуын дағдыландыру.	жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін). Сөйлеуді дамыту Ертегі кейіпкерлерін тани, көрсетіп атау. Не істеді сұрағына жауап беруді үйрету. ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту Сенсорика Ағаштардың бұтақтарынан түскен жапырақтарын жинап, шелекке салу Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Жапсыру геометриялық пішіндерді машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа	Ағаштардың бұтақтарынан түскен жапырақтарын жинап, шелекке салу Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Мүсіндеу сүйікті ойыншығы допты сазбалшықтан мүсіндеуді пысықтау . балалардың сазбалшық ермексас және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
--	---	---	--	--	---

		үйрету; Сурет салу, мүсіндеу Доптар тақырыбында домалақтардың суретін салу Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; ермексиздан допты мүсіндеу.			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Тұманды бақылау Мақсаты: Тірі және өлі табиғат түсінік беріп; табиғат құбылысы тұманды бақылау. Тәрбиеші тұман ол – табиғаттың бір құбылысы екендігін айтады, күн шыға бастағанда тұман азая бастайды, ал күн жылына бастағанда туман жоқ болып кетеді, ол ауа-райының өзгеруінен пайда болатын құбылыс. Болжам: Күз жылы болса-қыс ұзақ	Тұманды бақылау Мақсаты: Қоршаған ортаның әдемілігін сезініп түсінуге үйрету, күздің алуан түрлілігін көруге үйрету. Жұмбақ. Құстар қайта бастады, Құстар қанат қағды, Қоштасқандай бізбенен Бұл қай кезде болады? (Күзде) Алаңдағы еңбек: Ойын аланың сыпыру.	Шықты бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру. Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? (күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады. Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.) Жұмбақ:	Күзгі аспанды, бұлтты бақылау Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру. Жұмбақтар: Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді, Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жанбыр) Күндер қысқарады, түндер ұзарады	Күзгі аспанды, бұлтты бақылау Мақсаты: Бұлт туралы түсінік беру. Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл). Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар) Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны. Жұмбақ:

	болады. Ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін дамыту.		Мөлдіреген жүзімді, Ұстап едім, езілді. (Шық)	Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)	Көлігі жоқ, көшеді, Өзін кезбе деседі. (бұлт) Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау». Алаңдағы еңбек: Құмсалғышты коқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
